

Мыстан жасалған жекелеген бұйымдардың экспортына кедендік баж салықтарының ставкасы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 маусым N 848. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.09.18. N 1267 қаулысымен.

Тазартылған мыстан өндірілетін жеңіл өнімдер түрлері өндірісін ынталандыру және оның дүниежүзілік рыноктағы бәсекелесу қабілетін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Мыс сымын (коды: 7407-7408) қоса алғанда, мыстан жасалған бұйымдардың экспортына арналған кедендік баж салықтарының ставкасы бір тоннаға шаққанда АҚШ-тың 90 (тоқсан) доллары мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары